www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube facebook Telegram
№40 /sársenbi/ 01 qazan 2025 jyl

## MYARMY.KZ ПОРТАЛЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

**Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі азаматтардың әскермен өзара іс-қимылы үшін бірыңғай цифрлық алаң болуға арналған жаңа MyArmy.kz. интернет порталын іске қосты.**

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ДОСТЫҚ – МОЙЫНТЫ» ТЕМІРЖОЛЫНЫҢ ЕКІНШІ ЖЕЛІСІН ІСКЕ ҚОСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев New Silk Way VII Халықаралық көлік-логистика бизнес-форумының ашылуымен құттықтап, бүгінгі іс-шараның мән-маңызы ерекше екеніне тоқталды.

Мемлекет басшысының айтуынша, бұл – Тәуелсіздік кезеңіндегі ең ірі теміржол құрылысы, еліміз үшін айрықша стратегиялық маңызы бар жоба.

– Жұмысшыларымыз үш жылға жуық уақыт бойы күні-түні табанды еңбек етті. Осындай белсенді жұмыстың арқасында теміржол мерзімінен бұрын іске қосылмақ. Мұны, шын мәнінде, тарихи сәт деуге болады. Бұл – баршаңызға ортақ қажырлы еңбектің жемісі. Бәріңізді шын жүректен құттықтаймын! Зор ризашылығымды білдіремін. Жаңа жол жүк тасымалының көлемін 5 есе арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ экспорттық тауарларды жеткізу уақытын қысқартып, транзиттік әлеуетімізді күшейте түседі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздің бүгінде Еуразиядағы басты транзит хабының біріне айналғанын атап өтті.

– Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты жалғап тұр. Жеріміз арқылы 5 теміржол дәлізі өтеді. Оның бәрі әлемнің ең ірі сауда нарықтарына жол ашады. Біз көлік-логистика инфрақұрылымын дамытуға баса мән береміз. Соңғы он жылда осы салаға шамамен 35 миллиард доллар инвестиция салынды. Мен халыққа Жолдауымда бірқатар жобаны уақтылы жүзеге асыру туралы нақты тапсырма бердім. Алдағы уақытта 5 мың шақырым теміржол салу жоспарланып отыр. Сондай-ақ 11 мың шақырым теміржол жөнделеді. Қазір «Мойынты – Қызылжар» теміржолы салынып жатыр. Қызылжар станциясынан Ақтау портына дейінгі учаскелер жаңғыртылады. Бұл бағдар – Транскаспий халықаралық көлік бағдарының басты бөлігі. Мұның бәрі Еуропа пен Азияның арасын жалғап, Транс-Қазақстан теміржол бағытының, яғни Орта дәліздің қарқынды дамуына ықпал етеді. Жалпы, бәсекеге қабілетті ел болу үшін экономикамыздың мейлінше қуатты болуына баса назар аударуымыз керек. Бұл ретте, көлік-логистика саласының орны бөлек. Сондықтан Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру негізгі басымдықтың бірі болып қала бермек. Теміржол саласының алдында тұрған міндеттер – айқын, – деді Президент.



Мемлекет басшысы алдағы уақытта бұл салаға цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын енгізе отырып, оны ел экономикасының озық бағыты ретінде дамыту көзделгеніне, алда әлі де ауқымды жұмыс тұрғанына, сол себепті барлық жоспарды уақтылы, дер кезінде орындау өте маңызды екеніне назар аударды.

**Ақорда.**

## ТАЛАПҚА САЙ КЕЛМЕЙТІН БАЗАРЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТОҚТАТЫЛАДЫ

Ел заңнамасының талаптарына сәйкес, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңғырту жұмыстарын аяқтамаған базарлардың иелеріне қатысты әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Ал, талаптар орындалмаған жағдайда, сауда базарларының қызметін уақытша тоқтату немесе кейіннен толық жабу туралы материалдар сотқа жолданады. Бұл туралы ҚР СИМ Сауда комитеті төрағасының орынбасары Ернұр Жәутікбаев ОКҚ алаңында өткен баспасөз мәслихатында айтты.

Осы орайда Министрлік базарлар қызметін құқықтық реттеу бөлігінде сауда қызметтерінің Ұлттық стандарттарын әзірлеп, енгізді.

«Санитарлық, өртке қарсы, қала құрылысы, сондай-ақ сатып алушылар мен кәсіпкерлер үшін қауіпсіздік пен жайлылық талаптары сияқты барлық процестерге бірыңғай талаптар қойылды. Ішкі сауда және сауда базарлары қызметінің ережелері жетілдірілді. Жаңа редакцияда стандарттар мен нормаларды сақтау міндеттілігі, базар регламенттерін бекіту тәртібі, әкімшілерге қойылатын талаптарды және жалдау шарттарын жасасудың бірыңғай тәртібі бекітілді. Заңнаманың сақталуына және әкімшілік ықпал ету шараларына бақылау күшейтілді. Тәуекелдерді бағалау критерийлері мен тексеру парақтары қайта қаралды», – деді спикер.

Айта кетерлігі, базарларға қатысты 11 жаңа талап қосылды, бұл тексерулердің тиімділігін арттырады. Базар әкімшілерінің тең қолжетімділікті бұзғаны, жалдау шартын жасасудан бас тартқаны, уақытылы жаңғыртпағаны үшін әкімшілік жауапкершілік бар. Сондай-ақ заңсыз жұмыс істейтін базарлардың қызметін тоқтата тұру туралы өтінішпен сотқа талап қою мүмкіндігі қарастырылған.



## 2026 ЖЫЛЫ МАҚТААРАЛ АУДАНЫНДА АУЫЗ СУ МӘСЕЛЕСІ ТОЛЫҒЫМЕН ШЕШІЛЕДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Түркістан облысында халықты таза ауыз сумен қамту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Осы бағытта Мақтаарал ауданының әкімі Бақыт Асанов Атакент кентіндегі ауыз су жүйелерінің қайта құру жұмысымен танысты.



Атакент кентінің 2-бөлігі мен Өркениет елді мекенінде ауыз су жүйелерін жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 2 млрд 881 млн теңге бөлінген. Жобаның жалпы құны – 3 млрд 532,1 млн теңге. Құрылысты мердігер мекеме – «Радикон» ЖШС жүзеге асыруда.

Нысан құрылысы 2026 жылға өтпелі болғанымен, бүгінгі күнге дейін жұмыс көлемінің 65 пайызы орындалып қойды.

Қазіргі таңда сыйымдылығы 1000 м2 болатын 2 дана су резервуарлары орнатылды. Тереңдігі 275-280 метр болатын 2 дана ұңғыма қазылды. 320 метр қоршау, 1 бақылау-өткізу пункті (КПП) және 1 дана насос станциясы салынды. Диаметрі әртүрлі болатын полиэтилен құбырлары төселді.

Бұл жобаның іске асырылуы нәтижесінде Атакент кенті мен Өркениет елді мекенінің тұрғындары таза және тұрақты 24 сағат бойы ауыз сумен қамтылады. Аудан басшысы құрылыс сапасы мен мерзімінің сақталуын басты назарда ұстау қажеттігін атап өтті.

Айта кетейік, ауданда елді мекендер 100% орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген. Дегенмен ауыз су жүйелерінің тозығы жеткен 10 елді мекенге қайта құру жұмыстарын жүргізу қажет етеді. Атакент кенті мен Өркениет елді мекені аталған 10 елді мекеннің қатарында еді. Келесі жылдың соңына дейін қалған елді мекендердің де ауыз су жүйелері жаңғыртылып, ауданда ауыз су мәселесі толығымен шешу жоспарлануда.

## ШЫМКЕНТ ӘУЕЖАЙЫ RA3 СЕРТИФИКАТЫН АЛДЫ

Шымкент халықаралық әуежайы сәтті түрде сертификаттау рәсімінен өтіп, RA3 (Regulated Agent Third Country) мәртебесине ие болды. Бұл сертификат әуежайдың жүк тасымалдау саласында Еуропалық одақтың қатаң авиациялық қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес келетінін растайды.

Әуежайға KZ/RA3/00004-01 деген бірегей тіркеу нөмірі беріліп, ресми түрде Еуропаның RA3 деректер базасына енгізілді. Осы мәртебе әуежайға Еуропа елдеріне тікелей жүк тасымалдауды транзиттік бекеттерде қосымша тексерусіз жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бұл жүк жеткізу уақытын жеделдетіп, логистикалық тізбектерді жеңілдетуге, серіктестердің уақыттық және қаржылық шығындарын азайтуға, сондай-ақ қаланың халықаралық әуе тасымалдаушылар мен логистикалық компаниялар үшін тартымдылығын арттыруға жол ашады.

Шымкент үшін бұл оқиғаның стратегиялық маңызы зор. Жаңа мәртебе әуежайдың Орталық Азиядағы ірі жүк хабтарының бірі ретіндегі орнын нығайтып, шетелдік әуе компанияларымен ынтымақтастық аясын кеңейтеді және Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстарын дамытуға жаңа мүмкіндіктер туғызады.

RA3 сертификатын алу – Қазақстанның халықаралық көлік және сауда дәліздеріне ықпалдасу жолындағы маңызды қадам саналады. Сонымен қатар ол өңірдің инвестициялық және іскерлік тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

Бұдан бөлек, Шымкент әуежайында екінші ұшу-қону жолағы салынады. Жоба – әуежайды халықаралық деңгейдегі заманауи мультимодальды хабқа айналдыру бағдарламасының маңызды бөлігі.

Жаңа жолақтың ұзындығы – 3500 метр, ені – 60 метр болады. ПСН-80 санатындағы төсемнің беріктігі жоғары жүк көтерімді әуе кемелерін қабылдауға мүмкіндік береді.

## КУРОРТТЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Жүзу маусымындағы негізгі мәселелердің бірі – туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, яғни тыйым салынған жерлерде жүзу құралдарының бақылаусыз қозғалысы болып тұр. Демалушылардың қауіпсіздігін күшейту мақсатында 2025 жылдан бастап Жалпы су пайдалану қағидалары күшіне енді. Өңірлерге жағажайлар мен жағалау аумақтарын қауіпсіздік талаптарына сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар жолданды. Осыған байланысты құтқару қызметтерінің жұмысын ұйымдастыруға бақылауды күшейту, құтқарушылардың санын арттыру және құтқару бекеттерін қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету қажет. ҚР ТСМ Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Нұртас Кәріпбаев ОКҚ алаңында өткен баспасөз мәслихатында осылай деп мәлімдеді.

Сонымен қатар шағын көлемді кемелердің қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін Көлік бақылау инспекциясының штатын кеңейтіп, жүзу маусымы бойы су айдындарында инспекторлардың тұрақты болуын қамтамасыз ету қажет.

«Бұдан бөлек, Туристік саланы дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Азаматтық қорғау туралы» заңға саяхат басталғанға дейін өмір үшін қауіп-қатері жоғары болуына байланысты жетуі қиын жерлер, су, таулы және спелеологиялық объектілер бойынша саяхат кезінде жүру маршруттары туралы хабарлау жөніндегі түзетулер қабылданды», – деді спикер.

Айта кетерлігі, курорттық аймақтарды инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселелері де шешілмеген күйінде қалып отыр. Туристік инфрақұрылымды тарту мәселесін жеделдету мақсатында әкімдікке елді мекендерден тыс жерлерде және ұлттық парктердің аумағында туризм объектілеріне дейін инфрақұрылым салуға мүмкіндік беретін бірқатар түзету маусым айында қабылданды.

Курорттық аймақтардағы проблемаларды жүйелі түрде шешу үшін 2025–2028 жылдарға арналған Жол картасының жобасы дайындалды. Құжатта курорттық аймақтарды қажетті инфрақұрылыммен жабдықтауға және туристердің демалысына қолайлы жағдай жасауға бағытталған жан-жақты іс-шаралар кешені көзделген. Жол картасының жобасы 5 бөлімнен тұрады және 141 іс-шараны қамтиды. Құжатта инфрақұрылымдық проблемаларды шешуге және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басымдық беріліп отыр.

## АЛАТАУ ҚАЛАСЫНДА ӘР АУДАННЫҢ ӨЗІНДІК БАҒЫТЫ БОЛАДЫ



Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев Алматы облысына ресми жұмыс сапары аясында Alatau City мегажобасының төрт негізгі аймағында – Gate, Golden, Growing және Green аудандарының құрылысқа дайындық барысын тексеріп, бірқатар тапсырма берді, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Өнеркәсіптік-логистикалық және іскерлік орталықтан бастап, ғылыми-білім беру мен туристік кластерлерге дейін әр ауданның өзіндік бағыты бар.

Gate District Өтеген батыр, Покровка, Қоянқұс, Ынтымақ және Жаңалық елді мекендерінің арасында орналасқан. Мұнда PepsiCo, Caspian Group, Алматы желдеткіш зауыты сияқты ірі жобалар жүзеге асырылуда. Ауданның басты орталығы – Iconic Building-1 Халықаралық бизнес дамыту орталығы болмақ. Қанат Бозымбаев ӨКМ, облыс әкімдігі және инвесторларға бұл ғимараттың құрылысын жеделдетуді тапсырды. Оның айтуынша, бұл нысан Alatau City жобасының ресми бастамасының символына айналмақ.

Golden District Кіші Алматы және Қаскелең өзендерінің арасындағы тасжол бойында орналасқан. Бұл аймақ ғылым, білім және медицина орталығы ретінде дамытылмақ. Мұнда: K-Park мәдени-бизнес кешені, халықаралық білім беру орталығы, заманауи академқалашық, көпсалалы медициналық кластер бой көтереді.

Сонымен қатар Hyundai Green Food Almaty және Mars сияқты әлемдік компаниялардың жобаларын жүзеге асыру жоспарланған.

Growing District Алматы – Қапшағай автожолы бойында және Жетіген – Қазыбек теміржол желісінің маңында орналасады. Бұл аймақ экспортқа бағытталған өндірістік және логистикалық орталық ретінде дамытылады. Көлік дәліздерінің тоғысында орналасуы және әуежайға жақындығы экологиялық таза өндірістерді дамытуға ерекше мүмкіндік береді.

Қанат Бозымбаев бұл жерде халықаралық Rhenus Logistics компаниясының басшылығымен кездесіп, Алатауда көлік-өндірістік хаб құрудағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Аумағы 31 730 гектарды құрайтын Green District Қапшағай су қоймасымен, Қаскелең өзенімен және Қонаев қаласымен шектеседі. Мұнда курорттық аймақтар мен саябақтар салынып, болашақта Формула-1 жарыс тасжолы, Iconic Building-2 туристік орталығы бой көтереді. Бұл аймақ Алматы агломерациясының басты туристік және демалыс орталығына айналмақ.

Жұмыс сапары барысында Қанат Бозымбаев министрліктер өкілдері, инвесторлар, бизнес қауымдастығы, халықаралық сарапшылар және Президенттің штаттан тыс кеңесшісі Вонг Хэн Файнның қатысуымен Жобалық офис отырысын өткізді. Жиында отандық және шетелдік инвестицияларды қорғау, келісімшарттардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, Қытайдың CRDI компаниясымен бірлескен кеңес беру тетіктері, Алатау қаласының даму кеңесін құру және Alatau City Authority мемлекеттік қорының Жарғысын бекіту сияқты мәселелер қаралды. Сонымен бірге Мемлекет басшысының Алатау қаласын дамыту жөніндегі Жарлығының орындалу барысы және «Алатау қаласының арнайы мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобасының орындалу барысын да талқылады.

Кездесу қорытындысы бойынша Қанат Бозымбаев жауапты мемлекеттік органдарға Алатау қаласын дамытуда кешенді тәсіл қолдануды және тиімді үйлестіруді қамтамасыз етуді тапсырды.

## 440 АСТАМ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ 100 ЖАСТАН АСТЫ



Қазақстанда 100 жастағы және одан да үлкенірек жастағы 448 азамат бар. Ең жасы үлкен қазақстандық Ұлытау облысында тұрады, ол 115 жасқа толған туған күнін атап өтті, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Жүз жасқа толғандардың ең көп саны еліміздің ең ірі қаласы Алматыда тұрады, онда 100 және одан жоғары жастағы 58 адам бар. Ұзақ өмір сүрушілер саны бойынша екінші орында – Түркістан облысы. Онда 100 жастан асқан 53 адам тұрады. Ұзақ өмір сүретіндер саны бойынша үшінші орында Алматы облысы тұр, онда 100 және одан жоғары жастағы 37 адам тұрады.

Ең қарт қазақстандықтардың үштігіне Ұлытау облысының тұрғыны – 115 жас, Павлодар облысы – 113 жас, Жамбыл облысы – 110 жас кірді.

Жыл сайын бүкіл әлемде, оның ішінде Қазақстанда да 1 қазанда Халықаралық қарттар күні атап өтіледі. Бұл мерекені 1990 жылы 14 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 45 сессияда жариялады.

Оны өткізудің басты мақсаты – егде жастағы адамдардың мемлекет пен қоғам алдындағы еңбегін құрметтеу және тану, сондай-ақ олардың проблемалары мен қажеттіліктеріне, өмір сүру сапасын арттыру қажеттілігіне назар аудару, оларға жалпыға бірдей қамқорлық көрсету.

## ЖИ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Қала басшылығының тапсырмасына сәйкес Шымкентте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында айтылған басым бағыттарды түсіндіру және талқылау мақсатында арнайы кездесу өтті.**

**Жиын барысында экономика саласында жасанды интеллектіні қолдану тақырыбы ерекше қаузалды. Кездесуге Шымкент HUB аймақтық бөлім басшысы Құрманғазы Мұратов, «Азия Сервис» компаниясы директорының орынбасары Александр Андреевич, сала мамандары және студенттер қатысты.**

**Спикерлер жасанды интеллектінің артықшылықтары мен қауіптері, сонымен қатар оны кәсіпкерлік, білім беру және мемлекеттік басқару салаларында қолдану жолдарына тоқталды. Құрманғазы Мұратов өз сөзінде Шымкент қаласында ЖИ айтарлықтай дамып келе жатқанын атап өтті.**

**– Шымкент HUB-тың негізгі мақсаты – өңірде IT саласын дамыту, жастардың стартап жобаларына қолдау көрсету. Жыл сайын 170-ке жуық іс-шара өтеді. Стартап академиясы, ноу-код курстары, түрлі хакатондар және тегін оқыту бағдарламалары ұйымдастырылуда,-дейді.**

**Сонымен қатар, қаланың цифрландыру көрсеткіштері соңғы екі жылда айтарлықтай артқан. «Smart City» жобаларының арқасында цифрлық қызметтерді пайдалану деңгейі 55 пайыздан 76 пайызға дейін өскен. Ақпараттық технологияларды қолдану көрсеткіші де 44 пайыздан 85 пайызға жеткен. Кездесу барысында студенттер мен жас мамандарға арналған тегін бағдарламалар таныстырылды. «Стартап Орда» жобасы аясында екі ай ішінде қатысушылар идеяларын толыққанды өнімге айналдыруға мүмкіндік алады.**

**Жалпы, жиында жасанды интеллектінің жастарға берер мүмкіндігі зор екені айтылып, оның қоғамдағы рөліне қатысты пікірлер ортаға салынды.**

## ДӘРІГЕРЛЕР ӘЛЕМНІҢ ОЗЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫНДА БІЛІКТІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДА

Шымкент қалалық денсаулық сақтау басқармасына қарасты медициналық ұйымдардың 19 қызметкері Ресей Федерациясының алдыңғы қатарлы клиникалық базаларының бірі – Н.И. Пирогов атындағы Ресей ұлттық зерттеу медициналық университетінде кәсіби біліктілігін арттыруда.

Біліктілік арттыру бағдарламасы аясында мамандар «Неонаталды хирургия», «Балалар хирургиясы», «Балалар хирургиясындағы эндоскопиялық оталар» секілді маңызды тақырыптарды терең меңгерді. Бұл тәжірибе шымкенттік дәрігерлерге заманауи тәсілдерді игеріп, қала тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.



Жыл соңына дейін тағы 33 маман Литва және Беларусияның жетекші клиникалық базаларында оқытылады. Олар «Акушерліктегі шұғыл көмек», «Акушерлік-гинекология тәжірибесіндегі ультрадыбыстық диагностика», «Онкологиялық патологиядағы паллиативті көмек», «Торакалды хирургия» тақырыптары бойынша білім алады.

Айта кетейік, 2024 жылы да шетелдік клиникалық орталықтарда 46 маман кәсіби деңгейін көтерген болатын. Бұл жұмыстар медицина саласында халықаралық тәжірибені кеңінен енгізуге және білікті кадрлар қатарын нығайтуға септігін тигізуде.

Шымкент қалалық денсаулық сақтау басқармасы алдағы уақытта да отандық медицина мамандарының үздік шетелдік орталықтарда тәжірибе алмасуын қамтамасыз етіп, қала тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруды жалғастыратын болады.

**Бетті жинақтап дайындаған: Мақсат ТОҚСАНБАЙ.**

*Полиция бағанасы*

## ДРОППЕРЛЕРДІҢ ҚАУПІ ЖӘНЕ ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК



Шымкент қаласы полиция департаментінің қызметкерлері киберқылмысқа қарсы жүргізілген арнайы іс-шара барысында Шымкент, Алматы және Алматы облысында интернет-алаяқтықпен айналысқан қылмыстық топтың әрекетін әшкереледі.

Тексеру барысында күдіктілердің интернет-алаяқтықтың 9 жайтына қатысы бар екені анықталды. Жәбірленушілерге келтірілген жалпы материалдық шығын 141 миллион теңгеден асты.

Қылмыстық топтың құрамында: ұйымдастырушы, дропперлерді тартумен айналысқан екі дроповод және қолма-қол ақшаны алып, ұйымдастырушыға жеткізген тасымалдаушы болған. Барлығы қолға түсті. Қазіргі таңда тергеу амалдары жалғасып, олардың басқа да қылмыстарға қатыстылығы тексерілуде.

Бұл іс-шара қалалық прокуратураның үйлестіруімен өткізілді.

**Дроппер дегеніміз не?**

Дроппер – алаяқтардың атынан банк картасын ашып беретін немесе өзінің шотын заңсыз ақша аударымдарына пайдалануға келісетін адам. Мұндай тұлғалар қылмыстық жолмен алынған қаражатты заңдастыруға көмектеседі.

Дропперлердің әрекеті:

• Қоғамға қаржылық қауіп төндіреді;

• Жәбірленушілердің мүлкіне зиян келтіреді;

• Банк жүйесінің тұрақтылығына сызат түсіреді;

• Өздерін де қылмыстық жауапкершілікке алып келеді.

Бұл қылмысты әшкерелеу – қазақстандық полиция қызметкерлерінің кәсібилігін, қырағылығын және заңды қорғаудағы батылдығын айқын көрсетті. Полицияның басты міндеті – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Шымкент полицейлері заманауи технологияларды пайдалана отырып, интернеттегі қылмыстық схемаларды дер кезінде тоқтатып, халықтың сенімін нығайтуда.

## ХАЛЫҚТЫҢ ЦИФРЛЫҚ ӘДЕТІНЕ САЙ: ШЫМКЕНТТЕ «УЧАСКЕ» ІС-ШАРАСЫ ЖАЛҒАСУДА

**Шымкент қаласында учаскелік полиция инспекторлары тұрғындармен жедел әрі ашық байланыс орнату үшін заманауи коммуникациялық арналарды кеңінен қолданып келеді. Енді тұрғындар мессенджердегі ортақ чаттар арқылы қоғамдық тәртіпке қатысты бұзушылықтарды бірден хабарлай алады.**

**Бұл бастама «Учаске» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында жүзеге асырылып, өз тиімділігін көрсетуде.**

**Цифрлық байланыс – жедел шешім. Мәселен, көпқабатты үйдің тұрғыны чатқа ауладағы тұрмыстық қалдық контейнерлеріне құрылыс қоқысының заңсыз тасталғаны туралы жазба қалдырған. Учаскелік инспектор дереу әрекет етіп, құқық бұзушыны анықтады.**

**Нәтижесінде:**

**• Азаматқа заңға сәйкес әкімшілік хаттама толтырылды;**

**• Қоқыс арнайы орынға шығарылды;**

**• Тәртіп сақшыларының жылдам әрі әділ әрекеті тұрғындардың ризашылығын тудырды.**

**Халық сенімі – полиция абыройы. Шымкент полицейлері жаңа технологияларды күнделікті қызметте тиімді пайдаланып, тұрғындардың сеніміне ие болып келеді. Мұндай шаралар:**

**• құқық бұзушылықтардың алдын алуға;**

**• халықпен тығыз байланыс орнатуға;**

**• қоғамда «Заң мен Тәртіп» қағидатын орнықтыруға ықпал етуде.**

**Аталған жоба аясында тәртіп сақшылары түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, құқықтық мәдениетті нығайтуға күш салуда. Бұл – полицияның қоғамға жақындығын арттырып, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды қадамы.**

**Бетті дайындаған: Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**



## ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Шымкент қаласындағы Бадам су қоймасында әскери міндеттілер мен аумақтық әскерлердің жеке құрамының қатысуымен он күндік жиындардың қорытынды кезеңі өтті. Бұл ауқымды оқу-жаттығулар төтенше жағдай кезінде стратегиялық нысандарды қорғау, қауіп-қатерлердің алдын алу және ведомствоаралық өзара іс-қимылды жетілдіруге бағытталды.

Оқу-жаттығу барысында қазіргі заманға тән қауіптерге қарсы әрекет ету машықтары пысықталды. Әлеуметтік тұрақсыздық пен диверсиялық әрекеттерді бейтараптандыру, стратегиялық нысанды қорғау, келіссөз жүргізу және тәртіп бұзушыларды ұстау жаттығылды.

Әскери міндеттілерден құралған аумақтық қорғаныс ротасы полиция департаментінің қарамағына беріліп, ортақ күшпен нысанды қорғау ісі ұйымдастырылды. Олар:

• диверсиялық-барлау тобының су арқылы шабуылына,

• қарулы топтың стратегиялық жабдықты басып алу әрекетіне,

• белгісіз көлікпен жасалған тосын шабуылға тойтарыс берді.

Арнайы бөлімшелердің («Арлан» тобы) қатысуымен шартты қарсыластың әрекеттері толықтай бейтараптандырылды. Сонымен қатар алғашқы медициналық көмек көрсету, өрт сөндіру және ұсталғандарды жеткізу тапсырмалары да сәтті орындалды.

Оқу-жаттығудың қорытындысында аумақтық қорғаныс бригадасының командирі полковник Бақытжан Әшімов:

«Бұл жаттығулар аумақтық әскерлердің, полицияның, ІІМ арнайы бөлімшелері мен әкімдіктің жоғары дайындық деңгейін көрсетті. Қатысушылардың тәжірибесі – өңір қауіпсіздігінің кепілі», – деп атап өтті.

Мемлекеттік маңызы бар нысан – Бадам су қоймасын қорғау арқылы әскерилер елдің тұрақтылығы мен бейбіт өмірін сақтаудағы өздерінің шешуші рөлін дәлелдеді.

Әскери міндеттілердің мәртебесі

Бұл жиынға 93 әскери міндетті тартылып, олар:

• мемлекеттік-құқықтық дайындық;

• тактикалық, арнайы және атыс машықтары;

• стратегиялық нысандарды қорғау мен қорғаныс тәсілдері бойынша білімін жетілдірді.

Маңыздысы – оқу-жаттығу кезінде әскери міндеттілердің негізгі жұмыс орны мен жалақысы сақталады, оларға қаржылай өтемақы, киімкешек және тамақпен қамтамасыз ету қарастырылған.

Шымкентте өткен бұл оқу-жаттығулар – Қазақстанның қорғаныс қабілетін арттырудағы айқын қадам. Әскерилердің дайындық деңгейі мен ел қауіпсіздігіне деген жауапкершілігі – Тәуелсіздіктің тірегі, мемлекеттің беріктігінің кепілі.



## ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ -ӘСКЕР НАМЫСЫ

**Шымкентте қоянқолтық ұрыстан жеңімпаз Дархан Жорағұлды салтанатты түрде қарсы алды.**

**Шымкент қаласының әуежайында жастар арасындағы қоянқолтық ұрыстан әлем чемпионы, лейтенант Дархан Жорағұлды салтанатты жағдайда қарсы алды. Чемпионды әріптестері, әскери оркестр музыканттары және ұлттық киім киген қыздар дәстүрлі тағамдар ұсынып, ерекше құрмет көрсетті. Жастар арасындағы армиялық қоян-қолтық ұрыстан әлем чемпионаты Ақтау қаласында өтті. Байрақты бәсекеге 23 елден спортшылар қатысты. 97 келі салмақ дәрежесінде өткен тартысты жарыста Дархан Жорағұл барлық қарсыласын артта қалдырып, алтын медаль иеленді.**

**– Бұл тек менің жеңісім емес. Бұл – командирлерімнің, тәлімгерлерімнің және қызметтестерімнің қолдауының нәтижесі. Маған сенім артып, демеу болған баршаңызға алғысым шексіз, – деді чемпион.**

**Дархан Жорағұл қоянқолтық ұрыспен 2020 жылы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің әскери институтында оқып жүргенде айналыса бастаған. 2021 жылдан бері республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарда үнемі жүлделі орындардан көрініп келеді. Оның қоржынында әлем чемпионатының, ТМД біріншілігінің, Қазақстан Қорғаныс министрі кубогының және генерал-майор Әубәкір Арыстанбековты еске алуға арналған республикалық турнирдің жеңістері бар.**

**Бұл жеңіс – қазақстандық әскери спортшылардың жоғары дайындық пен қайсар мінезінің айқын дәлелі. Әскер қатарындағы мұндай табыстар жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеп, Отан қорғаушылардың абыройын асқақтатады.**

## ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІС ИНТЕГРАЦИЯСЫ



Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының президенті, академик Бақытжан Жұмағұлов бастаған ғалымдармен кездесті. Жиында ғылым жетістіктерін өндірісте пайдалану, өңір экономикасын дамыту, жаңа жобаларды іске асыру және әріптестік бағыттарын нығайту мәселелері талқыланды.

Әкім өз сөзінде Түркістан облысының даму әлеуетін атап өтіп, ғылымның бұл үдеріске қосар үлесі зор екенін айтты:

– Түркі әлемінің рухани астанасы – Түркістанға қош келдіңіздер! Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясы – еліміздің инженерлік ғылымы мен тәжірибесін дамытуда маңызды рөл атқаратын беделді орталық. Сіздердің ғылыми-өндірістік бағыттағы тәжірибелеріңіз өңірлік даму стратегияларымен үйлесімді екенін көріп отырмыз. Басты мақсатымыз – халықтың әл-ауқатын арттыру, жаңа инвестициялық жобалар арқылы экономиканы дамыту. Бұл ретте ғылыммен бірлескен жұмыс аса маңызды. Біз техногендік минералдық түзілімдер мен өндірістік қалдықтарды зерттеу, оларды кәдеге асыру бағытында сіздермен бірлесіп еңбек етуге дайынбыз. Сондай-ақ кәсіби кадр даярлау ісін жаңа деңгейге көтеруді көздейміз, – деді Нұралхан Көшеров.

Өз кезегінде академик Бақытжан Жұмағұлов Түркістан облысындағы экономикалық өсімді оң бағалап, ғалымдар өңірмен бірлесе жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының Оңтүстік өңір бойынша вице-президенті, Түркістан филиалының төрағасы Әлімжан Құртаев ауыл шаруашылығы саласында да бірлескен жобаларды жүзеге асыруға болатынын атап өтті.

Делегация құрамындағы ғалымдар мен қоғам қайраткерлері де өз ұсыныстарын білдіріп, аймақты дамытуда ғылым мен тәжірибенің тығыз байланысы қажет екенін айтты.

## 8 АЙДА ЖАЛПЫ ӨҢІРЛІК ӨНІМ 3 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ



2025 жылғы 26 қыркүйекте сегізінші шақырылымдағы Түркістан облыстық мәслихатының кезекті он сегізінші сессиясы өтті. Жиынға облыс әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов, облыс әкімдігінің мүшелері, аудандық және қалалық мәслихат төрағалары, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері және БАҚ өкілдері қатысты. Сессияны облыстық мәслихат төрағасы Нұралы Әбішов жүргізді.

Сессия күн тәртібінде 11 маңызды мәселе қаралды. Алғашқы баяндамада облыс әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталды.

Негізгі экономикалық көрсеткіштер:

• Алдын ала есеп бойынша 2025 жылдың 8 айында жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн теңгеге жетті.

• Қысқа мерзімді экономикалық өсім – 115,8%.

• Өнеркәсіп саласында 982,3 млрд теңгенің өнімі өндірілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 13,1%-ға артық.

• Өңдеу өнеркәсібінде 61 млрд теңгені құрайтын 18 жоба жоспарланған, оның ішінде 8 айда 3 ірі зауыт іске қосылды.

• Созақ ауданында құны 74,7 млрд теңге болатын табиғи уранды өңдеу зауыты ашылды.

• Шағын өнеркәсіптік парк жобасы аясында 100 гектар аумақта 152 өндірістік ғимарат салынбақ, өткен жылы 11 жоба іске қосылды.

• Жыл басынан бері өңірге 783 млрд теңге инвестиция тартылды (өткен жылға қарағанда 1,3 есе артық).

• Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Орталық Азия халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы» құрылып, онда кәсіпорындар ашылып, 3000 жұмыс орны құрылады деп күтілуде.

Сонымен қатар, сессия барысында облыстық туризм басқармасы мен жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының есептері тыңдалды. Кадрлық өзгерістерге байланысты әкімдік жанындағы бірнеше комиссия құрамына толықтырулар енгізілді.

Жалпы, қаралған мәселелер бойынша мәслихат депутаттары тиісті шешімдер қабылдап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын одан әрі ілгерілетуге бағытталған жаңа қадамдарды айқындады.

## ТҰҢҒЫШ РЕТ ТРИАТЛОННАН АЗИЯНЫҢ АШЫҚ КУБОГЫ ӨТТІ

Түркістан қаласындағы жаңадан ашылған ескек есу арнасында алғаш рет триатлоннан Азия кубогы ұйымдастырылды. Суда жүзу, велосипедпен жүйітку және жүгіру сайыстарынан тұратын халықаралық додаға әлемнің жиырмаға жуық елінен ең мықты әмбебап спортшылар келген. Олардың арасында Жапония, Оңтүстік Корея, Германия, Чехия, Словакия, Қырғызстан және өзге де мемлекеттердің өкілдері бар.

Триатлонның "элита" санаты бойынша спортшылар 1,5 шақырым қашықтықты жүзіп, 40 шақырым қашықтықты велосипедпен бағындырды және 10 шақырым жүгіріп өтті.

Сайыс нәтижесіне сәйкес, ерлер арасында жеке бейтарап атлет Денис Колобродов жеңімпаз атанса, Қазақстан намысын қорғаған Дарын Қонысбаев күміс медальға және тағы бір жеке бейтарап атлет Роман Минеев қола медальға ие болды. Ал әйелдер арасында жеке бейтарап атлет Татьяна Баскакова жеңіске жетсе, жапондық Минори Икено екінші, жеке бейтарап атлет Алина Синевич үшінші орынға ие болды.

28 қыркүйек күні кәсіпқойлар мен жасөспірімдер кім мықтыны анықтайды.

Байрақты бәсекені тамашалауға АҚШ-тан шыққан триатлоннан әлемнің 6 дүркін чемпионы Марк Аллен арнайы келген. Ол Түркістандағы ескек есу арнасының әлеуетін жоғары бағалады.

– Мені Қазақстанда да осындай жоғары дәрежедегі жарыстың өткізіліп жатқандығы және оған түрлі мемлекеттер өкілдерінің қатысуы қатты қуантты. Ұйымдастыру деңгейі өте тамаша. Одан бөлек су айданының керемет жасақталуы әрі ыңғайлы орналасуы, жүгіру жолақшасының тегістігі мен сапасы, сөренің жасалуы ұнады. Су спорты түрлерін дамыту үшін балалар мен жасөспірімдерді спортқа баулу керек. Спортпен шұғылданған бала жарыстың не екенін түсініп, жеңімпаздарға еліктеп, өздері де сол биікке көтерілуді мақсат етеді. Спорт – туризмді дамытудың да негізгі құралы. Кез-келген спортшы спорттық мансабынан бөлек, шет елдерді көріп, жаңа жерлермен танысқысы келеді. Тіпті бір жарыстарға спортшылар отбасымен келіп жатады. Осының бәрі ұйымдастырушы тараптың туризмін дамытуға септігін тигізеді. Мысалы, менің Қазақстанға келуім де спорттың арқасы. Өзім триатлоннан 6 дүркін әлем чемпионымын. Көптеген елдерді көрдім. Қазақстанмен танысып, болашақта тағы да келуге ниеттімін, – деді ол.

Айта кетейік, Түркістан облысында су спорты түрлері қарқынды дамуда. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Ғалымжан Худияровтың айтуынша, Түркістан төріндегі ескек есу кешенінде алдағы уақытта да ірі додалар өткізіледі.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ АЯСЫНДА «FASHION» ЭТНО СӘН КӨРСЕТІЛІМІ МЕН МЕРЕКЕЛІК КЕШ ӨТТІ

Түркістан қаласында «TURKISTAN WORLD CRAFT FEST-2025» халықаралық қолөнершілер көрмесінің салтанатты ашылуы өтті. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген 100-ден астам қолөнер шебері бас қосқан бұл айтулы шара түркі дүниесінің мәдениеті мен өнерін ұлықтап, жаһандық деңгейде насихаттауға бағытталды.

Фестиваль бағдарламасы аясында сән көрсетілімі мен мерекелік кеш ұйымдастырылып, көрермендер назарына этно-стильдегі бірегей туындылар ұсынылды. «FASHION» этно сән үлгілері бойынша өткен көрсетілімде отандық және шетелдік танымал дизайнерлердің жаңа коллекциялары көрсетілді.

Сән кешіне Азия-Тынық мұхиты аймағы бойынша Дүниежүзілік қолөнер кеңесінің Вице-президенті Айдархан Калиев қатысып, қазақстандық дизайнерлердің қолтаңбасы мен шығармашылық ізденістерін жоғары бағалады. Вице-президен Түркістан өңірінде этно стильге деген қызығушылықтың артып келе жатқанын және халықаралық деңгейде сұранысның зор екенін атап өтті.

Сән көрсетілімінен соң, кеш қонақтарына Түркістандық өнерпаздардың концерті мен қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары Айгүл Қосанова, Айдар Тұрғанбек пен Мирас Жүгісовтің ән шашуы тарту етілді. Көрермендер ұлттық өнер мен заманауи стильдің тоғысқан ерекше кешіне куә болды.

Шараға 70-тен астам шетелдік қонақтар, түрлі ұйым өкілдері мен қолөнер саласының майталмандары қатысты. Халықаралық деңгейдегі жиын түркі мәдениетінің бай мұрасын дәріптеп қана қоймай, жаңа серіктестікке жол ашты.

Айта кетейік, 2025 жылдың 24 наурызында Дүниежүзілік қолөнер кеңесінің шешімімен Түркістан қаласына ресми түрде «Халықаралық қолөнершілер қаласы» атағы берілген болатын. Бүгінде өңірімізде 130-дан астам қолөнерші табысты еңбек етіп, ұлттық өнерді әлемге танытып келеді.

**Бетті дайындаған. Арайлым ӘБСАФАТ.**

## ТАБИҒИ ТҰҚЫМБАҚ ТӘЖІРИБЕСІ ӨҢІРГЕ ҮЛГІ БОЛУДА

Түркістан облысы, Арыс қаласында соңғы жылдары жасыл желекті көбейту бағытында ерекше әдіс енгізілді. Қалада алғаш рет арнайы тұқымбақ құрылып, бүгінде бұл тәжірибе облыс көлемінде теңдесі жоқ бастамаға айналып отыр.

Қалалық тұқымбақта қазірдің өзінде 200 мыңнан астам ағаш көшеті өсірілуде. Олар күзгі және көктемгі егу маусымында қала көшелеріне отырғызуға толық дайын. Ең маңыздысы – көшеттердің барлығы жергілікті ағаштардан алынған тұқымдардан өсіп шыққан. «Жасыл Арыс» КММ мамандары қалада өсіп тұрған ересек ағаштардан ұрық жинап, сұрыптап, тұқымбаққа егеді. Осылайша табиғи жаңару үдерісі үзіксіз жалғасуда.

Арыс топырағы мен климатына бейімделген бұл көшеттер небары 1-2 жыл ішінде отырғызуға жарамды күйге келеді. Жерсіндіру көрсеткіші – 95 пайыз, бұл сырттан әкелінетін ағаштармен салыстырғанда әлдеқайда тиімді. Қазіргі таңда мамандар сабын тал, арша және боз арша секілді ағаштардың тұқымдарын жинап, арнайы технология бойынша егіп жатыр.

Мамандардың айтуынша, табиғи жолмен сұрыпталған көшеттер сырттан әкелінген ағаштарға қарағанда төзімді, күтімі жеңіл және өсімі жоғары. Сонымен бірге, бұл әдіс экологиялық жағдайды жақсартып қана қоймай, бюджет қаражатын үнемдеуге де мүмкіндік береді.

Арыста бастау алған бұл тың тәжірибе – өңірде баламасы жоқ жоба. Ол қала тұрғындарына көгалдандырудың жаңа мәдениетін көрсетіп, табиғатты қорғау ісіне серпін беріп отыр.

# КОМПЬЮТЕРДЕ ОҚУ КЕЗІНДЕ ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗҒА ҚАЛАЙ ЗИЯН КЕЛТІРМЕУГЕ БОЛАДЫ?

Коронавирустық пандемияға байланысты бүкіл әлемнің барлық мемлекеттер білім беру жүйесін қашықтық форматына көшіруге мәжбүр болды. Компьютерде ұзақ отырудың арқасында остеохондроз және омыртқаның қисаюы пайда болуы мүмкін. Бейне монитордың экраны әріптік-цифрлық таңбалар мен белгілердің өлшемдерін ескере отырып, пайдаланушының көзінен 600-700 мм қашықтықта, бірақ 500 мм-ден жақын болмауы тиіс. Компьютерлермен жұмыс жасау кезінде жұмыс орнының негізгі өлшемдері үстелдің шетінің биіктігі және аяқ үшін кеңістіктің биіктігі бойға сәйкестенуі тиіс. Отырғыштарды немесе орындықтарды отыру үшін пайдалану ұсынылмайды. Ноутбукте және компьютерде жұмыс істеу кезінде бүкіреймеу маңызды. Омыртқаның қисаюының пайда болу себептерінің бірі оқу кезінде де, үстелде жұмыс істегенде де, серуендегенде де дененің дұрыс мүсінін сақтамау болып табылады.

Компьютерлермен және ноутбуктермен сабақ ұзақтығына қойылатын талаптар.

Компьютердің ерте жасында жиі қолданылуы көзді басқаратын бұлшықеттерге кері әсерін тигізіп, баланың белгілі бір тақырыпқа, әсіресе оқу сияқты іс-шараларға зейінін аударуы өте қиынға соғады. Егер бұл орын алса, сізге көзілдірік киюге тура келеді.

Жалпы ұсыныстар – 3 жастан 5 жасқа дейінгі балаларға – тәулігіне гаджеттерді пайдалану 15 минуттан аспайды.

Оқу сағаты ішінде мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектептердегі тікелей компьютерлер мен ноутбуктермен өткізілетін сабақтардың үздіксіз ұзақтығы төмендегілерге сәйкестенеді:

мектепке дейінгі ұйымдар мен 1 сыныпта – 15 минуттан аспайды;

2 - 3 сыныптарда – 20 минуттан аспайды;

4-5 сыныптарда – 25 минуттан аспайды;

6-8 сыныптарда – 30 минуттан аспайды;

9 - 11 (12) сыныптарда – 35 минуттан аспайды.

Компьютерлермен және ноутбуктермен жұмыс жасау кезіндегі профилактикалық шаралар

Компьютерлермен, ноутбуктермен, планшеттермен тікелей жұмыс жасау ұзақтығы 2 сағаттан аспайды.Жұмыс кезеңінде профилактикалық шаралар қабылданады: әрбір 20-25 минут сайын көзге арналған жаттығулар және үзіліс кезінде 45 минуттан кейін дене шынықтыру кідіртіледі. Компьютерлермен, ноутбуктермен, планшеттермен сабақ өткізу ұйқыға бөлінген уақыт, күндізгі серуендеу және сауықтыру іс-шаралары есебінен жүргізілмейді. Жасына қарамастан, екі немесе одан да көп адамның 1 компьютерді, ноутбукті, планшетті бір уақытта пайдалануы ұсынылмайды.Олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар болмаса компьютерді, ноутбуктер пайдаланылмайды. Заманауи монитор радиоактивті сәулеленудің көзі болып табылмайды.Жұмысқа кірісер алдында және сабақтардың әрбір академиялық сағатынан кейін өкпек желдету жүргізіледі.Люминесцентті лампалар жасанды жарық беру кезінде жарық көзі ретінде пайдаланылады. Жергілікті жарық беру қондырғыларында қыздыру шамдарын, оның ішінде энергияны үнемдейтін шамдарды пайдалануға рұқсат беріледі.Тамақтануды ұмытпаңыз. Компьютерде жұмыс істеу немесе ойнау көбіне адамның назарын өзіне аударады. Адам мониторда ойлана отырып, бәрін ұмытады оның ішінде түскі асты ұмытып кетеді, олар күні бойы шала-шарпы тамақтана отырып жұмыс істейді.

# КИБЕРБУЛЛИНГ




Кибербуллинг - бұл цифрлық технологиялар көмегімен қорқыту.Ол әлеуметтік медиада, хабарлама алмасу бағдарламаларында, ойын платформаларында және ұялы телефондарда орын алуы мүмкін.Бұл қайталанатын эпизодтардың мақсаты - аңдып жүргендерді қорқыту немесе қорлау.Қорқыту балаларға зиянды ұзақ мерзімді салдары болуы мүмкін.Физикалық салдардан басқа (ұйқының бұзылуы, бас ауруы) балалар эмоционалды және психикалық оның ішінде депрессия мен мазасыздықты сезінуі мүмкін, бұл мектептегі үлгерімді төмендетуі мүмкін. Қазір балалар мен жасөспірімдер интернетте көп уақыт өткізеді. Достарыңызбен байланыста болу - бұл өмірдегі керемет стимул және пандемияның әсерін азайту тәсілі. Бірақ мұнда да тәуекелдер бар.13-15 жас аралығындағы 150 миллионға жуық бала, яғни әлемдегі оқушылардың жартысы өзін және құрдастарының зорлық-зомбылығына тап болғанын хабарлады. Әрбір оныншы бала мұндай қорлықты күнделікті немесе апта сайын бастан кешіреді.

**Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ата-аналарға кеңес**

Балаларыңызға кибербуллинг туралы айтыңыз. Кибербуллингтің не екенін біле отырып, сіздің балаңыз оны оңай тани алады.

Балаларыңызбен ашық және жиі сөйлесіңіз. Балаларыңызбен бұзақылық туралы көбірек сөйлескен сайын, олар оны көретіндерін немесе бастан кешіргендерін айту оңайырақ болады. Күнделікті балаларыңыздың мектептегі және интернеттегі уақыты туралы сұраңыз. Олардың сабақтары мен іс-әрекеттері туралы ғана емес, олардың сезімдері туралы да сұраңыз.

Балаңызға кибербуллингпен күресте үлгі болуға көмектесіңіз. Кибербуллингке үш қатысушы қатысады: жәбірленуші, кибербулинг субъекті және куәгерлер. Тіпті балалар кибербулинг құрбаны болмаса да, олар өз құрбыларына сыйлы және мейірімді бола отырып, кибербұзушылықтың алдын алуда маңызды рөл атқара алады. Егер бала кибербуллингтің куәгері болса, онда ол жәбірленушіге араша түсіп, қолдау көрсете алады және мұндай әрекеттерді көпшілік алдында айыптай алады.

Балаңыздың өзіне деген сенімділігін дамытуға көмектесіңіз. Балаңызды сүйікті іс-шараларға жазылуға, өз қоғамыңыздағы сүйікті іс-шараларға қосылуға шақырыңыз. Бұл сонымен бірге сенімділікті арттыруға, сондай-ақ мүдделері ортақ достар тобын құруға көмектеседі.

Олар үшін үлгі болыңыз. Балаңызға басқа балалар мен ересектерге мейірімді және құрметпен қараудың маңыздылығын айналаңыздағы адамдармен, оның ішінде зорлық-зомбылық көрген адамға қолдау көрсету арқылы көрсетіңіз. Балалар ата-аналарына қарайды және олардың мінез-құлықтарын көбінесе өздерінің іс-әрекеттерінде болжайды.

Олардың интернеттегі тәжірибесінің бір бөлігі болыңыз. Балаңыз қолданатын онлайн-платформаларды қарап шығыңыз. Оған интернетте кездесетін түрлі тәуекелдер туралы ескертіңіз.

**Баланың кибербуллингпен айналысып жатқанын қалай тануға болады**

Мұқият бақылаңыз. Балалардың эмоционалды жағдайын мұқият қарастырыңыз, өйткені олардың кейбіреулері мазасызданып қиналуы мүмкін.

Назар аударатын белгілер:

Мектепке барудан немесе аулаға шығудан қорқу

Баладағы мазасыздық және толқу

Мектептегі немесе сырттағы достар аз

Достардың кенеттен жоғалуы

Киімнің, электрониканың немесе басқа жеке заттардың жоғалуы

Оқу үлгерімі төмен

Олар көбіне ақша сұрайды

Сабақты босату немесе мектептен үйге қайтуға рұқсат сұрау

Үлкендермен жақын болуға тырысу

Нашар ұйқы және жаман армандар

Шағымдары: бас ауруы, іштің ауыруы немесе басқа физикалық аурулар

Интернетте болғаннан кейін жаман көңіл-күй

Ерекше тұйық болып қалады, әсіресе интернеттегі тәжірибеге келгенде

Балаларға арналған кеңестер

Желіде болған кезде сыпайы және мейірімді болыңыз. Өз құрдастарыңа жағымды хабарламалар, күлімсіреу немесе бестік жіберу арқылы қолдау көрсетіңіз

Параметрлеріңізді және парольдеріңізді тексеріңіз: сіздің пароліңіз 12345 ме? Сіз мұны досыңызбен бөлістіңіз бе? Желіде не орналастырғаныңызды кім көре алады? Құпиялылық параметрлерін соңғы рет қашан қарадыңыз

Бұл туралы сөйлесіңіз. Егер сіз өзіңізді қорлап жатқанды сезінсеңіз, сіз кибербуллингтің құрбаны екеніңізді сезсеңіз, сенімді адамыңызға хабарласыңыз.

Қолдау көрсету. Егер біреудің қорлық көргенін көрдім деп ойласаңыз, ол туралы үндемей қалмаңыз. Сол адамға хабарласып, қолдауыңызды көрсетіңіз. Сіздің сөздеріңіз өзгерте алады

Егер сіздің біреуге деген мінез-құлқыңыз бұзақылық санатына жатады деп ойласаңыз, өзгертулер енгізе аласыз. Бұзақылықты тоқтатыңыз. Тоқтатып, біреуден қолдау сұраңыз. Мейірімді бол, бүгінгі күннің кейіпкері бол

Достардың өтінішін қабылдамас бұрын, олардың профилін қарап, олардың кім екенін анықтауға тырысу керек. Есіңізде болсын, кейде адамдар өздерін жоқ адам етіп көрсетеді және олардың шындықты айтып жатқанын білу қиын.

Сіздердің ортақ достарыңыз бар ма? Сіз бір қаладансыз ба? Достардың кездейсоқ өтініштерін қабылдау қажет деп санамаңыз. Құпиялылық параметрлерін тексеріңіз, сондықтан сіз білмейтін адамдар сіз көрсеткіңіз келмейтін ақпаратты көрмейді

Өсектерді таратпаңыз, зиянды немесе ұятты оқиғалармен, фотосуреттермен бөліспеңіз. Бір адамға зиянсыз әзіл болып көрінуі басқаларға қатты ренжітуі мүмкін.

«Жіберу» батырмасын басар алдында екі рет ойланыңыз, әсіресе егер сіз ренжісеңіз немесе ашулансаңыз. Сіз хабарламаны, фотосуретті немесе бейнені бөлiскеннен кейін, оған не болатынын бақылау қиын. Бұл әрекетті қайтару мүмкін емес.

Сіз де басқалар сияқты жеке өмірге құқығыңыз бар екенін ұмытпаңыз. Сіз басқалардың есептік жазбаларына кіре алмайсыз немесе олардың телефондарын олардың рұқсатынсыз пайдалана алмайсыз.

# ТУРИСТІК АГЕНТТІКТІ ҚАЛАЙ АШУҒА БОЛАДЫ?

